

Дәріс № 6. Сертификаттау туралы жалпы түсінік

Дәрісте игерілетін пәннің оқыту нәтижелері:

ПОН 3 - Табиғи-ғылыми аспектілерді ұғыну үшін ластаушы заттардың эмиссияларына байланысты тамақ өнімдеріндегі токсиканттар мен гендік модификацияланған ағзалардың жағымсыз процестері туралы түсініктерін қалыптастыру дағдыларын меңгере алады.

ПОН 4 - Қазіргі кезеңдегі қоршаған ортаны қорғау мәселелерін зерттей отырып, ластануының негізгі бақыланатын параметрлерін жіктей алады;

ПОН 5 - Табиғи және қоршаған ортаны бағалау өлшемдері мен сапасының индикаторларын ажырата алады;

ПОН 6 - Табиғи ортаның негізгі бақыланатын параметрлеріне талдау жасай алады.

Сапа менеджменті жүйелерін стандарттау

Сапа менеджментінің қазіргі заманғы формасы ретінде нарық жағдайында кәсіпорынды басқару жүйесін алады.

Сапа менеджментінің теориясын жасаушының біреуі Ә. Деминг келесіні бекітті, өнім сапасының төмен болуының негізгі себептерін арнайыға (6%) және жүйеліге (94%) бөлуге болады. Осының негізінде келесі тұжырымдар жасалды, өнім сапасын арттыруды тек ғана жүйелі себептерді жою арқасында шешуге болады.

Сапа менеджментінің жүйесі өнімнің маркетингтен бастап өнім пайдалану қалдығына дейінгі өмірлік барлық кезеңдерін қамтиды. Сондықтан сапа менеджменті жүйесін кәсіпорынды толық

Шет елдерде кең түрде белгілі жаңа концепциялар пайда болды. Бұлар TQM және QS 9000 Бұл екі концепция ИСО 9000 сериялы стандартқа қайшы емес және олар сапаны басқару жүйесінің әрі қарай дамуын қарастырады.

Сапаны әмбебап басқару (ағылш. Total Quality Management, TQM) - барлық ұйымдастырушылық процестердің сапасын үздіксіз арттырудың жалпы ұйымдастырушылық әдісі.

QS World University Rankings (ағылш. — "QS университеттерінің әлемдік рейтингі") - Quacquarelli Symonds[Q] (QS) құрастырған университеттердің жыл сайын жарияланатын рейтингі.

TQM сапаны басқару жүйелері мен әдістерін жақсы үйлестіріп, бір мақсатқа бағытталынып және жан-жақты қарастыратын барлық іс-әрекеттер сферасында - зерттеуден бастап сатудан кей-інгі қызмет көрсетуге дейінгі барлық деңгейлі жетекшілер мен қызметкерлердің қатысуымен және техникалық мүмкіншіліктерін тиімді қолданатын концепция.

Сертификаттау негіздері. Сертификаттаудың мағынасы және мазмұны. Негізгі түсініктемелер және терминдер

Сертификаттау- өнім, процесс, жұмыс, қызмет белгіленген нормативтік құжаттар талаптарына сәйкестігін дайындаушыдан (сатушы, орындаушы) және тұтынушыдан (сатып алушыдан) тәуелсіз органмен жазбаша растау.

Сәйкестік сертификат- Мемлекеттік сертификаттау жүйесі ережелері бойынша берілген өнім, процесс, жұмыс, қызмет, техникалық реттемелер,

стандарттар немесе басқа нормативтік құжаттар талаптарына сәйкестігіне қажетті сенімділік қамтамасыз етілгендігін көрсететін құжат.

Сәйкестік туралы декларация- өнім белгіленген талаптарға сәйкестігін куәландыратын жеткізушінің (өндіруші, сатушы) Мемлекеттік сертификаттау жүйесі бекіткен құжаты.

Сәйкестік белгісі- Мемлекеттік сертификаттау жүйесі ережелері бойынша осы өнім, процесс, жұмыс, қызмет нақты өнімге немесе басқа нормативтік құжатқа сәйкестігіне қажетті сенімділікпен қамтамасыз етілгендігін көрсететін, белгіленген тәртіпте қорғалынған белгі.

Сертификаттаудың түрлері

Қазақстан Республикасында өнімдерді (процесстерді, қызметтерді, жұмыстарды) сәйкестігін растау *ерікті* немесе *міндетті* түрінде атқарылуы мүмкін.

Міндетті сертификаттау адамдардың өмірі, денсаулығы, азаматтардың мүлкі мен қоршаған орта үшін олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін стандарттың немесе өзге нормативтік құжаттың міндетті талаптарына сәйкестігі тұрғысында міндетті сертификаттауға жататын өнімдердің, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің тізбесіне еңгізілген өнімдерді, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді сертификаттау.

Міндетті сертификаттауға жататын өнімдердің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Ерікті сертификаттау өтініш берушінің (дайындаушылардың, сатушылардың) басшылығы бойынша өнімнің, процесстердің, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің өтініш беруші айқындайтын нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестігін растау мақсатында жүргізіледі. Ерікті сертификаттау міндетті сертификаттауды алмастыра алмайды.

Сертификаттаудың қатысушылары

Сертификаттау жүйелеріне қатысу түрлері: стандарттау жүйесіне жіберіледі; стандарттау жүйесіне қатысу; стандарттау жүйесіне мүше болу.

Стандарттау жүйесіне жіберіледі дегеніміз- өтініш берушілер осы жүйенің ережелеріне сәйкес өнімді сертификаттаудан өткізуі мүмкін.

Сертификаттау жүйесінің қатысушысы- осы ережелерге сәйкес күші бар және жүйеде басқаруға қатысатын немесе басқаруға мүмкіндігі бар орган.

Сертификаттау жүйесінің мүшесі- осы жүйе ережелеріне сәйкес күші бар және жүйе басқаруда қатысуға немесе басқаруға мүмкіндік беретін орган.

Сонымен бірінші қатысу түрі әзірлеуші-өндірістерге, өнім жеткізушілерге жатады, ал қалған екі түрі сертификаттау органдарының ұлттық, аймақтық және халықаралық сертификаттау жүйелерінде жұмыс атқаруына қатысты.

Мойындау жөніндегі келісім

Мойындау жөніндегі келісім- «бір немесе бірнеше сертификаттау жүйесінің атқарымдық элементін қолданудан алынған», басқа тараптармен ұсынған нәтижелері бір тараптар қабылдауда негізделген келісім.

Бұл келісімдер жалпы немесе жеке нәтижелерге қатысты болу мүмкін, мысалы "сынау жөніндегі келісім", "бақылау жөніндегі келісім" және т.б. Мойындау жөніндегі келісім ұлттық, аймақтық және халықаралық деңгейде бекітіледі.

Бір тарапты келісім-екінші тараптың жұмыс нәтижелерін бірінші тараппен қабылдау.

Екі тарапты келісім-бұл өзара мойындау келісім, яғни басқа тараптың жұмыс нәтижелерін әрбір тараптармен қабылдау.

Көптарапты келісім-бұл екіден астам тараптардың жұмыс нәтижелерін өзара қабылдау.

Осындай келісімдерде қатысу тараптардың құқықтары мен міндеттері бірдей болуы мүмкін. Бірақ кейбір жағдайларда тараптардың мүмкіндіктері әр түрлі болғандықтан, келісім қатынастары эквивалентті еместігін екі жақты келісімде еске алу керек.

Қазақстан Республикасындағы сертификаттаудың негізгі құқықтары және ұйымдастыру әдістемелік принциптері

«Сертификаттау туралы» заң Қазақстан Республикасындағы өнімдерді, сапа жүйелері мен өндірістерді (процестерді), жұмыстар мен қызмет көрсетулерді сертификаттаудың құқықтық негіздерін белгілейді, сертификаттау саласындағы қатынастарды реттейді, сертификаттауға қатысушылардың құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін белгілейді.

Сертификаттаудың мақсаттары

Сертификаттаудың негізгі мақсаттары мыналар болып табылады:

- адамдардың өмірі мен денсаулығын, азаматтардың мүліктері мен қоршаған ортаны қорғау үшін өнімдердің, процестердің, жұмыстардың, қызмет көрсетудің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- өнімдер мен қызмет көрсетудің сапасы мәселелерінде тұтынушылардың мүдделерін қорғау;
- саудадағы техникалық кедергілерді жою, өнімнің ішкі және сыртқы рыноктардағы бәсекелестік қабілетін қамтамасыз ету;
- заңды және жеке тұлғалардың Қазақстанның бірыңғай тауар рыногындағы қызметі үшін, сондай-ақ халықаралық экономикалық ғылыми-техникалық ынтымақтастыққа және халықаралық сауда қатысуы үшін қажетті жағдайлар жасау.

Сертификаттау жөніндегі жұмыстарды басқару

Сертификаттау жөніндегі жұмыстарды басқаруды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті мемлекеттің органы жүзеге асырады.

Жеке және заңды тұлғалар сертификаттау жөніндегі өз қызметін осы Заңның және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің ережелеріне, сондай-ақ мемлекеттік сертификаттау жүйесінде

қолданылып жүрген нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес ұйымдастырады және жүзеге асырады.

Мемлекеттік сертификаттау жүйесі

Мемлекеттік сертификаттау жүйесінің ұйымдық құрылымын мыналар құрайды: стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекеттік орган; өнімді, процестерді, жұмыстарды, қызмет көрсетуді сертификаттау жөніндегі тіркелген органдар; тіркелген сынақ лабораториялары (орталықтары).

Мемлекеттік сертификаттау жүйесі сертификаттау саласында бірыңғай саясатты жүргізуді қамтамасыз етеді және сертификаттаудың негізгі ережелері мен рәсімдерін, сертификаттау жөніндегі органдарға, сынақ лабораторияларына (орталықтарына) қойылатын талаптарды және оларды тіркеудің, рәсімдерін, сертификаттау жөніндегі сарапшы-аудиторларды даярлау мен аттестаттаудың рәсімдерін, мемлекеттік сертификаттау жүйесінің тізілімін, аудит пен инспекциялық бақылау жүргізудің тәртібін, сертификаттаудың мақсатын жүзеге асыру үшін қажет өзге де талаптарды белгілейді.

Ұйымдық және әдістемелік принциптері

- § сертификаттау объектісі туралы анық ақпаратын қамтамасыз ету;
- § объективтілік және әзірлеуші мен тұтынушыдан тәуелсіз болуы;
- § профессионалдық сынау;
- § шет ел мәлімдеушілеріне дискриминация жасамау;
- § сертификаттау органы мен сынау лабораториясын таңдаудағы мәлімдеушінің құқығы;
- § сертификаттау қатысушыларының жауаптылығы;
- § сертификаттау нәтижелері немесе сәйкестік сертификаттың (белгінің) мезгіл тоқтауы (жоюға) туралы ақпарат ашықтығы;
- § стандарттау объектісінің, оның шығару және пайдалану ерекшеліктерін есепке алатын сынау әдістерінің көптілігі;
- § ИСО/МЭК, аймақтық ұйымдардың кепілдемелерін және ережелерін, халықаралық стандарттардың және басқа халықаралық құжаттардың қағидаларын сертификаттау қызметінде қолдану;
- § Қазақстан қатысатын көптарапты және екітарапты келісімдердің негізіндегі шетелдік сертификаттау органдардың және сынау лабораториялардың аккредиттеуін, сертификаттардың және сәйкестік белгілерін ҚР-мен мойындауы;
- § сауда құпияны құратын ақпарат жасырын сақтауы;
- § Қажетті кезде сертификаттау жұмыстарға тұтынушылардың қоғамдарын тарту.

Сертификаттау жұмыстарын жүргізу тәртібі

Негізгі кезеңдері:

- сертификаттауды жүргізу үшін мәлімдеме беру;

- мәлімдемені қарастырып шешім қабылдау;
- үлгілерді таңдап және идентификация жасап сынауды жүргізу;
- өндірісті тексеру (егер сұлба бойынша тексеру қажет болса);
- сынау нәтижелерін талдау, сертификат беру туралы шешім қабылдау;
- сертификатты және сәйкестік белгіні пайдалануға рұқсат (лицензия) беру;
- сертификаттау сұлбасы бойынша сертификатталған өнімді инспекциялық бақылау.

Сертификаттау органдары

Өнім, процесс, жұмыс, қызметті сертификаттау жөніндегі орган-мемлекеттік сертификаттау жүйесімен белгіленген тәртіпте, белгілі қызмет саласында сертификаттау жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыруға тіркелген заңды тұлға.

Аккредиттеуден өткен ұйымға (сертификаттау органға) қойылатын талаптар:

- үшінші тарапты (әкімшілікті, экономикалық және заңгерлік тәуелсіз) болу;
- мәлімделген сертификаттау аймағында техникалық компетентті болу;
- құжатталған процедуралар мен қажетті жабдықтарға ие болу;
- арнайы оқытылған маман қызметкерлерімен қамтамасыз етілген;
- керекті стандарттардың өзекті қорымен және басқа да нормативтік құжаттармен қамтамасыз ету;
- сертификаттау және сынауды өткізу ғана емес, сонымен қатар сертификатталған өнімді инспекциялық түрде бақылау жүргізу.

Сертификаттау органының негізгі міндеттері:

- аккредиттеу шегіндегі және ереже бойынша өнімнің сертификаттау жұмысын жүргізу;
- сәйкестік белгіні қолдануға болатын рұқсат қағазын (лицензия) беру;
- аккредиттеу аттестатының әрекет күші жойылған кезде қызметін тоқтату немесе уақытша тоқтату;
- қызметтің инспекциялық бақылауына жағдай мүмкіндігін жасау;
- өз қызметі және өзгерістері туралы ақпараттарды аккредиттеу органға тапсыру;
- өтінушінің коммерциялық құпиясына қатысты деректердің жасырындығын сақтау.

Оқыту әдістері мен түрлері: баяндау, сұрақ-жауап, түсіндіру, шолу лекция

Деңгейлік тапсырмалар:

1. Сапа менеджменті жүйелерін стандарттауды түсіндіріңіз.
2. Конструкторлық және технологиялық құжаттаманы стандарттауды түсіндіріңіз. түсіндіріңіз.

БӨЖ және ОББӨЖ тапсырмалары: Қызметтердің түрлері. Қызметтерді сертификаттау схемалары (сұлбалары) техникалық реттеу саласындағы Мемлекеттік органдар

Ұсынылған әдебиеттер:

1. Мендебаев, Т. М. Стандарттау, метрология және сертификаттау. Алматы. Дәуір, 2011. -368 с. - ISBN 978-601-217-198-3
2. А.И. Аристов, Т.М. Раковщик. Основы метрологии, стандартизации и сертификации: учебное пособие /. – М., МАДИ 2013. –200 с.
3. Ж.Ж. Есенқұлова, Ж.Ж. Аканова, А.М. Касенова. Стандарттау, сертификаттау және метрология негіздері: Оқу құралы / Алматы: Экономика, 2014.-284 б.
4. Журавлева Н.Ю., Кирюшин С.А. Стандартизация, метрология, подтверждение соответствия: Учебно-наглядное пособие / Нижний Новгород: Национальный исследовательский Нижегородский государственный университет им. Н.И. Лобачевского, 2018. - 62 с.
5. Е.В.Кравченко, Ю.К.Кривогузова, И.П.Озерова. Метрология, стандартизация и сертификация. Учебное пособие. Томский политехнический университет. - Томск: Изд. Томского политехнического университета, 2013. -172с.

1. Сертификаттау процесі қандай мақсатта жүргізіледі және оның негізгі артықшылықтары қандай?
2. Сертификаттау қалай жүзеге асырылады?
3. Сертификаттауды жүргізу қадамдары қандай? Қай ұйымдар сертификат беруге құқылы?
4. Сертификаттау мен аккредитация арасындағы айырмашылық қандай?
5. Бұл екі ұғымның ерекшеліктері мен байланыстары қандай?
6. Сертификаттау кезінде қандай стандарттар қолданылады?
7. Экология саласында қандай халықаралық және ұлттық стандарттар мен ережелерді қолданады?
8. Экология саласындағы сертификатталған мамандар қандай талаптарға сай болуы керек?
9. Маманның білім деңгейі, тәжірибесі және дағдылары қандай болуы тиіс?
10. Экология саласындағы сертификаттаудың қандай түрлері бар?
11. Жеке мамандарға арналған сертификаттаумен қатар, кәсіпорындар мен ұйымдар үшін қандай сертификаттау түрлері бар?
12. Сертификаттау қандай салаларда міндетті болып табылады?
13. Қай салаларда сертификаттау заң бойынша талап етіледі?
14. Экология саласындағы сертификаттау қаншалықты жиі жаңартылып тұруы керек?
15. Сертификаттың жарамдылық мерзімі қандай және оны жаңарту процесі қалай жүреді?
16. Сертификатталған мамандардың жұмысқа орналасу мүмкіндіктері қандай?
17. Сертификат алғаннан кейін мамандардың мансаптық перспективалары қандай?
18. Сертификаттаудың экология саласындағы ұйымдар үшін қандай артықшылықтары бар?
19. Кәсіпорындар үшін сертификаттаудың экономикалық және құқықтық пайдасы қандай?
20. Диоксиндер қандай химиялық қосылыстар тобына жатады және олардың негізгі сипаттамалары қандай?
21. Диоксиндер қандай жолдармен қоршаған ортаға түседі?
22. Бұл заттар қалай пайда болады және олардың табиғи және антропогендік көздері қандай?
23. Диоксиндердің қоршаған ортада сақталу уақыты қандай?
24. Олар қаншалықты тұрақты және биологиялық ыдырауға қалай ұшырайды?
25. Диоксиндердің адам ағзасына әсері қандай?
26. Диоксиндердің ұзақ уақыт бойы жинақталуы қандай ауруларға немесе денсаулық мәселелеріне алып келеді?
27. Диоксиндер қандай өнімдерде немесе материалдарда жиі кездеседі?
28. Қандай тағамдар, өнеркәсіптік өнімдер немесе өндіріс қалдықтары диоксиндермен ластануы мүмкін?
29. Диоксиндердің қандай экологиялық салдарлары бар?
30. Бұл заттардың экожүйелерге, жануарларға және өсімдіктерге әсері қандай?
 - а. Диоксиндердің экологиялық қауіптерін қалай азайтуға болады?

- 31.Диоксиндердің пайда болуын азайту немесе олардың қоршаған ортаға таралуын шектеу үшін қандай шаралар қолданылады?
- а. Диоксиндер мен диоксин тәрізді қосылыстардың қандай халықаралық
 - б. стандарттары мен нормативтері бар?
- 32.Қандай заңдар мен ережелер диоксиндердің қауіпсіз деңгейін реттейді?
- а. Диоксиндерге қандай аналитикалық әдістер қолданылады?
- 33.Диоксиндерді анықтау және өлшеу үшін қандай зертханалық әдістер қолданылады?
- а. Диоксиндерді залалсыздандыру немесе бейтараптандыру әдістері қандай?
- 34.Диоксиндерді жою немесе оларды қауіпсіз күйге келтіру үшін қолданылатын ең тиімді әдістер қандай?
- а. Диоксиндерге қарсы күресте қандай заманауи технологиялар бар?
- 35.Қоршаған ортаны диоксиндерден қорғау үшін қандай жаңа технологиялар мен инновациялар қолданылады?
- а. Диоксиндермен ластанған аймақтар қалай қалпына келтіріледі?
- 36.Диоксиндерден зардап шеккен аумақтардағы экологиялық қалпына келтіру процестері қандай?